


## ҚҰРМЕТТІ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СТУДЕНТТЕРІ МЕН ОҚЫТУШЫ-ҒАЛЫМДАРЫ!

*Баршаңызды бүгінгі Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен құттықтаймын!*

*Оқу орнының студенті атанған жастар үшін бұл күн жаңа оқу жылының басталуы ғана емес, келешекке қадам басқан жаңа кезеңнің басталудағы болмақ! Биылғы 2022-2023 оқу жылында университетімізге 2754 талапкер оқуға қабылданып отыр. Олардың ішінде, бакалавр бойынша білім алатындар саны – 2659, магистратура бойынша – 95 адам құрайды. Гранттық бағдарлама бойынша оқуға түскендер саны - 792, оның ішінде, 744 мемлекеттік білім гранты, 39 әкім гранты, 9 «Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қорының гранты бар. Сонымен қатар, биылғы 1 курс студенттерінің 47-сі - «Алтын белгі» иегері. Алдағы оқу жылы білім мен ғылым жолында тер төккен ғалымдарымыз бен еліміздің кемел келешегіне үлес қосар студент жастарымыздың жобалары мен жоспарлары жүзеге асатын сәтті, толағай жетістіктерге қол жеткізетін құтты жыл болсын деп тілеймін! Қашан да қолдау білдіретін жақсы орта мен жақын достар жанымызда, шығармашылықты шыңдайтын креативті ойлар жадымызда болсын!*

*Біз бірге болсақ – шығар асуымыз биік, алар қамалымыз мықты болмақ!*

*Құрметпен Басқарма төрағасы – ректор С.Идрисов*





## ТҮЙІНДІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетіне Қазақстан Республикасы ғылым және жоғарғы білім вице-министрі Қуаныш Ерғалиев жұмыс сапарымен келді. Ұжыммен кездесу барысында ғалым-оқытушылар мен студенттер Қуаныш Асылханұлына көкейде жүрген өзекті сұрақтарын қойып, пікірлерін білдірді. Соның ішінде қазақстандық ғалымдардың ғылыми еңбектерін шетелдік салалық басылымдарда жариялау қажеттігі жөніндегі талаптың тиімділігі мәселесі де қозғалды. Вице-министрдің айтуынша, қазіргі күні бұл талап қайта қаралуға және қазіргі күні гуманитарлық бағыттар бойынша ғалымдарға жұмыстарын жариялауға бірқатар жеңілдіктер ұсынылған.

Сондай-ақ, университеттің жас ғалымдары ғылымды қолдау, дамыту бағытында бірқатар сауалдар қойды. Сондай-ақ, ғалымдардың мәртебесін көтеру мақсатында оларды тұрғын үй-жаймен қамтуда жеңілдіктер ұсыну, жетістіктерін БАҚ беттерінде жиірек насихаттау жөнінде ұсыныстар айтылды.

Жиын барысында вице-министр Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауына қатысты пікір білдіріп, білім және ғылым саласындағы өзекті мәселелерге тоқталып, шешімін табуға қажет етіп отырған жайлар да ортаға салды.

Бұдан бөлек, Қуаныш Асылханұлы оқу орнындағы ер балаларға арналған «Ұстаз» мектебінің, «Токсикология» зертханасының, ғылыми кітапхана, ІСРасе коворкинг орталығы және бизнес инкубаторы мен «Жайық» мәдени-спорт кешенінің жұмысымен танысты.

Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті жөнінде «Фэйсбук» парақшасына пікір жазған Қуаныш Ерғалиев «университет инфражүйесімен, студенттердің оқу процесі мен жатақханаға тұруға дайындығын тексердім, дайындық деңгейі 100 пайыз» деп жоғары баға беріп, «Ұстаз» мектебінің тәжірибесін ерекше бағалады.



## «ТІЛІМ МЕНІҢ - ҒАСЫРЛАРДАН АМАНАТ»

5 қыркүйек – Алаш көсемі, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына биыл 150 жыл толып отыр. Сонымен бірге, бұл күн Қазақстан халқы тілдерінің күні ретінде аталып өтуде. Бір-біріне орайластырылған айтулы мерекеге орай, университетімізде апталықтар жарияланып, көптеген шаралар өтуде. Оқу орнындағы «Тілім менің - ғасырлардан аманат» атты апталық аясында Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығына арналған ашық сабақтар, интеллектуалдық ойындар, семинар ұйымдастырылып, Алаш арысының тағдырынан сыр шертетін «Тар заман» деректі фильмі көрсетілді.

Сондай-ақ, Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі өңірлік комиссиясының жобалық кеңсесінде халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы ҚБ атқарушы директоры Лариса Алдабергенованың қатысуымен жиын өтіп, онда алдағы жұмыс жоспарлары талқыланды.

Ал Атырау облысы мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының

ұйымдастыруымен «Қазақстан халқы тілдері» мерекесіне орай Сұлтан Бейбарыс алаңында өткен облыстық фестиваль кезінде халықаралық «Қазақ тілі қоғамы» ҚБ Атырау облысы бойынша филиалы төрағасының орынбасары, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің аға оқытушысы, т.ғ.д. профессор Жамиға Тәжікқызы, халықаралық «Қазақ тілі қоғамы» ҚБ Атырау облысы бойынша филиалының хатшысы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің аға оқытушысы, ф.ғ.к., Айымгүл Зинелғабиденқызы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитеті төрағасының Алғыс хатына ие болды.

Өңірдегі мемлекеттік тіл саясатының дамуына қосқан зор үлесі үшін Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің қауымдастырылған профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты Шахман Нағимұлы Нағимов Атырау облыстық мәслихатының Алғыс хатымен марапатталады.



## БАЛАЛАР БАСПАСӨЗІНЕ ҚОЛДАУ КЕРЕК



рихы мен тәжірибесі, басылымдардың жарық көруі мен қалыптасу жолы, даму үдерісі талқыланды.

Балалардың тілін тауып, оларға түсінікті етіп жазу оңай жұмыс емес. Бүгінде балалар тақырыбына жазатын журналисттер саны аз. Балалар басылымы үшін болашақ журналистерді дайындау мақсатында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің журналистика кафедрасында «Балалар баспасөзі» атты пән жүргізіліп келеді. Бұл әрине, балалар тақырыбына жазатын мерейтой-болашақ журналисттерді дайындап шығуда таптырмас мүмкіндік.

Талай жас дарындарды тәрбиелеген «Балдырған» журналы келер жылы 75 жылдық мерейтойына атап өтеді. Кезінде халық жазушылары Мұзафар Әлімбаев, Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырзаліев сынды ақын-жазушылар қалтқысыз қызмет еткен бұл журналдың тарихы терең. Журналдың мерейтойына орай түрлі шараларды журналистика кафедрасында да өткізу жоспарланып отырғанын кафедра меңгерушісі Мәншүк Тынышқалиқызы кездесуде айтып өтті. Аймақ журналистерімен бірлесіп өткізетін мұндай шаралардың негізгі мақсаты – қазіргі жас буын өкілдерін балалар журналистикасының дамуына ден қойып, баса назар аударту.

Жуырда Алматы қаласында «Қазақстандағы балалар баспасөзінің қалыптасуы» атты дөңгелек үстел өтті. Бұл шараға «Балдырған» республикалық балалар журналының бас редакторы Дүйсен Мағлұмов, «Ақ желкен» республикалық балалар мен жасөспірімдерге арналған журналының бас редакторы Есей Жеңісулы, «Ақиқат» журналы бас редакторының орынбасары Динара Иманбаева, «Ана тілі» газеті бас редакторының орынбасары Берік Бейсеновтер қатысты. Дөңгелек үстеле Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің журналистика кафедрасының меңгерушісі Мәншүк Мұқашева модераторлық етті. Аталмыш жиында қазақ балалар баспасөзінің та-

## УНИВЕРСИТЕТТЕ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТХАНА АШЫЛДЫ

Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті жаңа оқу жылын жақсы жаңалықпен бастады. Университетте гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті «Қазақстан және дүниежүзі тарихы» кафедрасының базасында археологиялық оқу-әдістемелік лабораториясы ашылды. Жаңа зертхана өлкенің археологиялық объектілерінде зерттеу жұмыстарын жүргізу, жастарды ғылыми зерттеулерге баулып, археология ғылымына және жалпы тарихқа деген қызығушылығын арттыру мақсатын көздейді. Ол оқу орнындағы Хисмет Табылдиев атындағы Атырау өңірі тарихын, этнологиясы мен археологиясын зерттеу ғылыми-зерттеу институтымен бірге жұмыс жасамақ.

«Университет археологтары өңірдегі археологиялық зерттеулерге өз үлесін қосып келеді. Жаз айларында көне Сарайшық қаласы орнындағы қазба жұмыстарына қатысып, көптеген құнды жәдігерлер тапқанмыз белгілі. Сондықтан бүгінгі зертхананың ашылуы қажеттілік және заңдылық деп есептеймін», – деді университет ректоры Саламат Идрисов. Өз кезегінде оқу орнымен бірге бірнеше археологиялық жобаны қолға алып отырған Сарайшық мемлекеттік тарихи-

мәдени музей-қорығының директоры Әбілсейіт Мұхтаров да зертхананың маңыздылығына жоғары баға берді.

Айта кетейік, Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті еліміздегі археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу үшін арнайы лицензиясы

бар жоғары оқу орындарының қатарында. Сонымен бірге, жаңадан тұсауын кескен археологиялық оқу-әдістемелік лабораториясы да студенттер мен жас ғалымдардың өңірдің археологиялық нысандарын кезең-кезеңмен оқып, зерттеуіне зор мүмкіндік ұсынып отыр.



# АХАҢНЫҢ АҚ ЖОЛЫ

**«Басқадан кем болмас үшін, біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға ынтымақ пен бірлік керек.**

**...Алашқа аты шыққан адамдар! Көсемдіктеріңді адаспай, түзу істеңдер! Сендер адассаңдар, арттарыңнан Алаш адасады. Арттарыңнан ергендердің обал-сауабына сіздер қаласыздар!»**  
(Ахмет Байтұрсынұлы)



Биылғы жылы ұлт үшін туған арда азамат, біртуар тұлға, қажырлы қайраткер Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толып отыр. Қазақ халқының жарқын келешегі үшін өлшеусіз қызмет істеген ұлтымыздың рухани көсемі, Алаш ардақтысы, ұлт ұстазының айтулы мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде әлемнің бірқатар елінде, әрине, алдымен тәуелсіз Қазақстанда жоғары деңгейде аталып өтілмек.

Қазақ тіл білімінің іргетасын қалаушы, ғалым, Ы.Алтынсариннен кейінгі еңбегі айрықша ағартушы-педагог, тамаша ақын, талантты публицист, туған халқының рухани дүниесіне бар күш-жігерін жұмсаған қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлов екендігі ақиқат. Ыбырай Алтынсарин бастаған ағартушылық ізгі жолды оның жерлесі әрі ізбасары А.Байтұрсынұлов дамытып, жалғастырды. Өзінің алдында өмір сүрген Абай, Ыбырай, Шоқан сияқты Ахмет те қазақ халқының болашағы, елдігін сақтап қалуы білімге, оқу-ағарту ісіне байланысты деп санай отырып, Орынборда мұғалімдер даярлайтын «Учительская школаны» 1895 жылы бітірісімен, ағартушылық қызметін бастаған болатын. Ағартушылық ісі сол кезеңдегі қазақтың әлеуметтік тіршілігінде ең қажет, ең игілікті әрекет болып есептеледі.

1895-1909 жылдар аралығында Ахмет Байтұрсынұлов Қостанай, Ақтөбе, Қарқаралы уездерінде ауылдық, болыстық мектептерде бала оқытып, кейіннен екі кластық училищелерде ұстаз бола жүріп, 1901 жылдан бастап, әдебиетпен айналысады, оқу құралдарын жасайды. Ал, фольклор нұсқаларын зерттеуді Ахмет Байтұрсынұлов оқу-ағарту ісін дамытудағы өзінің азаматтық міндеті деп санаған. Оның қазақтар үшін өз алфавитін жасау әрекеті де, оқулықтар жазуы да, бай терминология дүниесін жасауы да ағартушылық мақсаты деуге болады. Ол ауыл мектебінде, семинарияда бала оқыта жүріп, оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру саласында көп ізденіп, «Әліпби», «Тіл құралы», «Әдебиет танытқыш» атты кітаптарын жарыққа шығарды. Ол өлеңдерінде де, оқулықтарында да білім-ғылымнан кенже қалған өз халқын оқу-білімге шақырудан танбайды.

1920 жылдың басында Ахмет ағартушылық және ғылыми жұмыспен де айналысады. Бұған қоса мемлекеттік басқару, ұйымдастыру істерін де жүргізе береді. Ол 1921-26 жылдары Орынбордағы Қазақтың халық ағарту институтында, ал 1936-38 жылдары Ташкенттегі қазақ педагогика институтында қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ береді, лекция оқиды. 1928 жылдың қыркүйек айында Алматыда қазақтың мемлекеттік университеті ашылғанда, оған сабақ беруге Мәскеуден, Ташкенттен шақырылған мамандардың бірі болып А.Байтұрсынұлов та келіп, қазақ тілі мен әдебиетінің профессоры болып жұмысқа орналасады. Сондай-ақ А.Байтұрсынұлов 1926 жылы Бакуде болған түркологтардың Бүкілодақтық I съезіне қатысып, бірнеше комиссияның жұмысын басқаруы, Қазақстан Оқу-ағарту комиссариатындағы жұмысы – осының бәрі оның қоғамдық, мәдени ағартушылық ғылыми қызметінің алуан түрлі қомақтылығын аңғартады. Белгілі түрколог, академик А.Н.Кононовтың А.Байтұрсынұловты көрнекті түркологтардың қатарында еске алып, оның қазақ алфавитін жүйелеу, оқу құралдарын жасау, фонетика мен грамматика саласындағы, қазақ мәдениеті мен әдебиеті туралы зерттеулерінің маңызы жайлы жазуы да тектен-тек емес.

Ахмет Байтұрсынұловтың алғаш ағартушылық ой-пікірлері 1913-1917 жылдары Орынборда шыққан «Қазақ» газетінде (ол осы газеттің жауапты редакторы болған) жарияланған мақалаларында көріне бастады. 1913 жылы «Қазақ» газетінде А.Байтұрсынұловтың «Оқу жайы» деген мақаласы жарияланады. Осы мақалада автор оқу-білімнің қажеттілігін халықтың экономикалық, тұрмыс жағдайымен байланыстырады. «Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатын сатады, ал, сол шикізаттан жасалған өнімді екі-үш есе қымбат түрде сатып алады. Бұл – надандықтан келген кемшілік» деп ашына мәлімдейді.

Балаларға білім берудің алғашқы баспалдағы – бастауыш мектеп. Сондықтан да, А.Байтұрсынұлов туған халқының ғылым-білімге ұмтылуын, әр қазақтың ең болмаса бастауыш білім алуын аңсады. «Адамға тіл, құлақ қандай керек болса, бастауыш мектеп те, үйрететін білім де сондай керек», – деп жазады ол. Бастауыш мектептің 5 жылдық болуын, алғашқы 3 жылын-қазақша, 2 жылын орысша оқыту керек деген ұсыныс білдіреді.

Ахмет Байтұрсынұлов «Қазақ» газетінің 1914 жылғы №6 санында «Мектеп керектері» деген мақала жариялап, онда «...ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші, оқыту ісіне керекті құралдар, қолайлы һәм сайлы болуы, құралсыз іс істелмейді, һәм құралдар қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы. Үшінші, мектепке керегі белгіленген программа (бағдарлама). Әр іс көңілдегідей болып шығуы үшін оның үлгісі, я мерзімді өлшеуі болуы керек. Үлгісіз я өлшеусіз істелген іс – солпы, я ортаң, я кем шықпақшы», – деп оқытудың дидактикалық принциптерін тұңғыш ғылыми тұрғыда нақты белгілеп берді.

Ол өзінің көпжылдық мұғалімдік тәжірибесіне сүйене отырып, қазақ мектептеріндегі ең мұқтаж мәселелердің бірі – оқулық жазу ісімен түбегейлі

айналысады. Ол үшін ең алдымен қазақ тілінің фонетикалық (дыбыстық) жүйесін зерттеуге кірісті. Қазақ балаларының сауатын ашатын «Әліпби» мен ана тілін үйрететін «Тіл құралын» жазбас бұрын жазу графикасын жөндеп алудың қажеттілігін ескере отырып, А.Байтұрсынұлов 1912 жылдан бастап «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің беттерінде араб таңбаларын жетілдіру, лингвистикалық терминдерді тілге енгізу (дыбыс, әріп, дәйекші, жуан, жіңішке дыбыс, қағида, тағы басқалар) туралы ой-пікір қозғады.

Ахметтің араб жазуын қазақ тілінде икемдеген нұсқасын алдымен қазақ жұртшылығы, әсіресе мұғалімдер қауымы жылы қабылдады. Себебі, Байтұрсынұлов реформасы қазақ тілінің табиғатына, яғни, сингарманизм заңдылығына сүйеніп, ғылыми негізде жасалған еді. Өйткені, қазақ дыбыстарының табиғатын айқындау, ғалымға қазақтың жаңа «Әліпбиін» жасауға мүмкіндік берді. А.Байтұрсынұловтың 1912 жылдан бастап ұсынылған жаңа жазуы («жаңа емле» деп аталады) іс жүзінде қолданыла бастады. Баспасөз беттерінде жарияланған мәліметтер бой-



ынша, 1915 жылдың өзінде ғана осы емлені негізге алып он беске жуық кітап басылып шыққан. Ал, Ахмет ұсынған «жаңа емле» 1913 жылдан бастап мұсылман медреселерінде, орыс-қазақ мектептерінде қолданыла бастаған болатын.

А.Байтұрсынұлов қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына да бар күш-жігерін жұмсады. 1902 жылдан бастап ашылған үш жылдық бастауыш мектептерде (ол кезінде «ауыл мектебі» деп аталды) шәкірттер сауатын орыс тілінде ашатын. Қазақша оқытылатын пәндердің тілі – қазақша болғанымен, жазуы яғни ресми қабылданған графикасы жоқ еді. Сондықтан әрбір мұғалім өзі не орыс, не араб жазуларын пайдаланып отырды. 1905 жылы 26 шілдеде А.Байтұрсынұлов бастаған қазақ зиялылары Ресей империялық министрлер Кеңесінің Төрағасы атына петиция жазады. Онда айтылған талаптардың бастылары: «Қазақ даласында оқу-ағарту ісі дұрыс жолға қойылсын, ол үшін ауыл мектептерінде балалар қазақша сауат ашатын болсын. Оқу – ана тілінде жүргізілсін». Осы талаптар жүзеге асыру үшін А.Байтұрсынұлов қазақша оқу құралы – тұңғыш «Әліппені» 1912 жылы жазды. 1902 жылы Қазанда басылған «Букварь для киргизов» деген оқулық жеті рет қайта басылып, 1925 жылға дейін қазақ мектептерінде негізгі оқу құралы ретінде пайдаланылды. А.Байтұрсынұлов 1926 жылы «Әліпбидің» жаңа түрін, осы күнгідей суреттермен безендіре отырып «Әліппе» кітабын жазды.

1912 жылы мектеп балаларын қазақша сауаттандыратын «Оқу құралын» жазғаннан кейін А.Байтұрсынұлов енді мектепке қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулық жазуға кіріседі. Бұл оқулықтың фонетикаға арналған 1-бөлімі «Тіл құралы» деген алғаш рет 1915 жылы жарық көрді. Осы кітаптың морфологияға арналған 2-бөлімі 1914 жылы, ал синтаксиске арналған 3-бөлімі 1916 жылы басылып шығып, 1928 жылға дейін бірнеше рет басылып, пайдаланылған болатын. «Тіл құралы» қазақ мәдениетінде бұрын соңды болмаған құбылыс болып саналады. Себебі, оның қазақ жұртшылығы үшін тың дүние екендігін оқулықтың кіріспесінде автор атап көрсетеді. Ол осы оқулықта қазақ грамматикасына

қатысты категорияларды (ұғымдар), әрқайсысына тұңғыш қазақша терминдерді ұсынады. Бүгінгі күнге дейін қолданып жүрген «зат есім, сан есім, бастауыш, баяндауыш, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау» деген сан алуан лингвистикалық ғылыми терминдердің баршасы – А.Байтұрсынұловтың еншісінде. Оқулықтың тағы бір құндылығы – «қазақ тілінің грамматикалық басты салалары, фонетика – дыбыс туралы ғылым, морфология – сөз құрамын зерттеу, ал синтаксис – сөйлем құрылысын зерттеу», – деп саралап, тұңғыш рет ғылымға тыңнан жол салуында болып отыр. Ғалым А.Байтұрсынұловтың тіл үйретудегі орасан зор еңбегі мұнымен де шектеліп қалмай, ол қолданбалы грамматиканы да жазған болатын. Бұл жұмысын «Тіл жұмсар» деген атпен екі бөлімді кітап етіп 1928 жылы Қызылорда қаласынан бастырып шығарды.

А.Байтұрсынұлов қазақ тілін дыбысқа бөліп оқыту арқылы сауаттандыру әдісінің негізін салды. Бұл салада, бірнеше әдістемелік мақалалар жазып, 1920 жылы Қазанда «Баяншы» деген атпен әдістемелік кітап та шығарды. Мұнда автор «Әліппені» пайдаланудағы

сауат ашу әдістерінің жолын көрсетіп берді. Осылайша ғұлама ғалым өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойып, оны өз дәрежесінде орындап шығуға болатынын дәлелдеді.

Ы.Алтынсариннен кейін ағарту саласында құйрықты жүлдиздай жол тастаған А.Байтұрсынұлов халықты оқуға шақырған, білім-ғылымның қажеттігін түсіндірген жалаң үгітші емес, қазақ халқы арасында ағартушылық жұмыстарын, жалпы мектеп ісін жолға қоюға бар ерік-жігерін жұмсаған, бала оқытып, ұстаз атанған, санаткер жан болып табылады.

Жалпы Ахмет Байтұрсынұловтың ағартушылық қызметі туралы ойымызды түйіндер болсақ, заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезов А.Байтұрсынұловтың 50 жасқа толуына байланысты жазған мақаласында (1923 жылы): «Ахаң ашқан қазақ мектебі», «Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны – «Қырық мысалы», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайрат – біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын», – деп жазды. Қашан болса да Ахмет Байтұрсынұловтың азаматтық тұлғасын асқақтата еске алуымыз парыз, оның игілікті істерін өскелең ұрпақ ұмытуға тиісті емес.

1988 жылы қазақтың бес арысы Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов толықтай ақталып, қазақ халқы ақ түйенің қарны жарылғандай қуанған болатын. Әсіресе, қос арысымен қайта қауышқан Торғай елі айрықша құлшыныс танытты...

Енді, тәуелсіздік алған кезеңнен бері мерейтойы мемлекет қолдауымен, әлемдік деңгейде, тұңғыш рет кең ауқымда аталып өткелі отырған Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығын сапалы деңгейде өткізу әрбір қазақстандық азаматтың мерейі әрі міндеті болуы тиіс!

**Айдар Сабилов,  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің доценті.  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.  
Ыбырай Алтынсарин төсбелгісінің иегері.**



**ӨЗІҢЕ СЕН, ӨЗІҢДІ АЛЫП ШЫҒАР...**

Менің таңдаған мамандығым – кішкентай кезімнен алдыма қойған мақсатымның, асқақ арманымның нәтижесі. Ол – журналист болу. Жай журналист емес, қазақ еліндегі журналистика саласының беделін әлемдік деңгейдегі елдермен теңесуіне өз үлесімді қосып, танымал журналистердің қатарына қосылсам деймін. Осындай асқақ арманға жету оңай емес анық. Дегенмен де, жүрек қалауымен журналист болуға бел будым. Сол үшін де көп кітап оқыдым, талай сахналарда өнерімді паш еттім. Кішкентайымнан арбаға таңылсам да, ешқашан мойыған емеспін. Алланың сынағына сынбай, арман деген алып күштің жетегінде алға қарай беттеп келемін. Ата-анамның, әжем мен бауырларымның қолдауы маған үлкен күш беріп, талай сынақтардан өтуіме мүмкіндік жасады. Ендігі жерде «Өзің сен, өзіңді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап...» деп талмай еңбектеніп, қажырлы жұмыс жасап, бойымдағы шығармашылық қабілеттерімді дамытып жатырмын. Мектеп жасымнан Абай, Мұқағали аталарымның өлеңдерін жақса оқып, жарыстарда оза шаптым. Жеңіске деген ұмтылыс, қазақ аты мәшһүр Азамат Қанапия секілді танымал диктор болам деген арманның арқасы еді. Осындай ұлы тулғаның ізбасары болсам – міне, нағыз жеңіс. Сол үшін де болашақта журналистика жолында ұшқыр ойыммен, киелі қаламыммен қасқайып қарсы тұратын асқақ ойлы азамат боламын деп ойлаймын. Ол үшін жоғарғы білім алып, халқыма адал қызмет етемін.

**Әділхан НҮРСҰЛТАНОВ**  
**Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің журналистика мамандығының 1-курс студенті**

**ЖАН-ЖАҚТЫ МАМАНДЫҚ**

Ғаламда адам баласына берілген көптеген мүмкіндіктер мен ерекшеліктер бар. Адам ойлайды, дамиды, қимылдайды және армандай алады. Бұл қабілеттердің ішінде менің ойымша қиялдау – бізге берілген ең ғажайып қасиет. Кішкентай кезімнен бастап-ақ әрбіреуіміз өз ойымызда арман-мақсаттарымызды құра бастаймыз. Сол секілді мен де кішкене кезімнен болашақта кім болғым келетінін көп ойлап, әр қиялдың жетегінде жүретінмін.

Әрине, армандауда шек жоқ. Бірақ алғаш бұл сауалға жауап беру қиындық тудырды. Болашақ мамандықты таңдап қана қоймай, қателеспеу де үлкен жауапкершілік. Мен өз болашақ мамандығым ретінде ұлы, кемеңгер Абай атамның «Болмасаң да ұқсап бақ» деген сөзін мәйек етіп, өзім

көріп, еліктейтін өңіріміздегі журналистердің жолын қуып, ұлтжанды, көзі ашық, көкірегі ояу қазақтың азаматы болып, еліме адал қызмет ететін, халық үмітін ақтайтын мақтан тұтарлықтай журналист болуға бекіндім. Неліктен журналистика? Өйткені, бұл сала көп жақты: ол өзінді және қоршаған ортамызды жаңа қырынан тануға, түрлі ақпараттарды алғаш болып білуге және олармен бөлісуге мүмкіндік береді. Журналистика – шығармашылық мамандық. Оның басқа мамандықтардан ерекшелігі – журналист әрдайым даму үстінде болуы керек. Журналистің еңбегісіз әлемде ұлы тыныштық пен сауатсыздық туындауы мүмкін еді.

Бұл саланы таңдаудағы басты мақсатым: ой еркіндігі мен сөз бостандығы. Бүгінгі күнде мен өз арманымға тағы бір қадам жақындадым. Білікті маман иесі болып шығу мақсатында жоғарғы оқу орындарын ұзақ таңдап, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіне тоқталдым. Журналистика кафедрасындағы оқыту үрдісі журналистика мамандығы ашылғаннан бері жиналған журналистік білім мен тәжірибені байланыстырып,



жаңа әдістемелерін белсенді енгізе отырып, оқытудың жаңа технологиялары мен қағидаларын қолданады. Сонымен қатар, кафедрада Халықаралық Еуразиялық телевидение және радио академиясының академигі, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, ғылым кандидаттары мен ҚР журналистер одағының мүшелері қызмет етеді. Осындай білікті кісілерден білім алып олардың ізін жалғастырамыз деп сенемін. Әрине, қаламы қарымды, дарынды журналист болу кезкелген адамның қолынан келе бермейді. Алайда, болашақта жақсылыққа жаршы, білікті және халқымызға адал қызмет ететін маман иесі болуға бар күшімді саламын деп сендіргім келеді.

**Ақсұлу БАЙЖАНОВА,**  
**Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің журналистика мамандығының 1-курс студенті,**  
**«Алтын белгі» иегері**

**АРМАН АРҚАЛАП ҮЛКЕН ӨМІРГЕ...**

Әр пенденің өмірлік миссиясы – алдына қойған арман-мақсатына жету. Сол секілді мен де журналист мамандығына грантқа түсіп, қалаған мамандығымның иесі атансам деп армандайтынмын. Жақында Атырау университетінің грант иегері атанып, жақындарыммен бірге қуанып қалдым. Бұл сала мені бала кезімнен қызықтыратын және өзімді болашақта журналист ретінде елестететінмін. Университет таңдау – ең



маңызды шешімдердің бірі. Себебі, университет сенің алдағы дамуыңмен қатар 4 жыл бойы өткізетін білім ордаң! Ол жерде жаңа орта, жаңа ұстаздар, естен кетпес студенттік шақтарың күтіп тұрады. Сенің өміріңде бір-ақ рет берілетін ерекше уақыт.


Мен үлкен армандарымды арқалап студенттік жолға аттандым. Сол армандарымның Атырау университетінде орындалатынына сенемін!

**Нұрай ЗИНЕЛОВА**  
**Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің журналистика мамандығының 1-курс студенті,**  
**«Алтын белгі» иегері**

**ТЕОРИЯ МЕН ПРАКТИКА ҮШТАСҚАНДА**

Университеттегі тәжірибе – бұл студенттің өз мамандығы бойынша білімі мен дағдыларын қолдана отырып, нақты жағдайларда өз бетінше жұмыс жасайтын уақыты. Оқу тәжірибесі жоғары білім беру бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылады әрі оның түріне қарай олар: оқу-тануыстыру, өндірістік және диплом алдындағы болып бөлінеді.

Біз Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің журналистика мамандығының студенттері филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профес-



сор, ҚР Журналистер одағының лауреаты, журналистика кафедрасының меңгерушісі Мәншүк Тынышқалиқызының жаңа бастамасымен, үлкен мүмкіндікке ие болып, тағлымдамадан өту үшін Алматы қаласындағы Қазақстанның жетекші классикалық университеті мәртебесіне ие

Қазақстан білімі мен ғылымының ірі орталығы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетіне арнайы келдік. «Студенттер өз мамандықтарының үздігі болу үшін ең алдымен – тәртіп болуы тиіс». Бұл Мәншүк Тынышқалиқызының өз шәкірттеріне қоятын ең бірінші талабы. Ұлы ғұлама Әбу-Насыр әл-Фараби бабамыз да «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі» деген екен. Бұл сөздің растығын өмір тәжірибесі талай мәрте дәлелдегені белгілі.

Өз студенттеріне осындай керемет мүмкіндік сыйлаған Мәншүк Тынышқалиқызының жаңа бастамасынан біздің студенттер де қалыс қалмады. Неге оқу орнымыздан алған білімді іс жүзінде дамытып, тәжірибе алмасқа деген мақсатпен арман қала Алматыға жол тарттық. Мұндағы ойымыз – журналистік шеберлігімізді шыңдап, білікті мамандардың жұмысымен танысу. Алғашқы күні, Әл Фараби атындағы Қазақ ҰУ-ға аяқ басып, редакцияның құрылымымен таныстық. Ондағы мамандар көптеген бағытта жұмыс жасайды: газет, сайт, телестудия. Бізге осы салалардан өзімізге жақын саланы таңдауға ерік берді. Мен газет бағытын таңдадым. «Қазақ Университеті» газетінің қазіргі бас редакторы Г.Ж.Тажиевадан дәріс алып, мақаланы қалай дұрыс жазуды, оны оқырманға жеткізе білуді үйрене отырып тағлымдамадан өттім. Сонымен қатар, Қазақ ҰУ дағы білімнің айрықша жоғары екенін көзіміз жетті. Белгілі уақыт аралығында тәжірибеден өте отырып, ғылымға жол аштық, журналист болуға деген талпынысымыз еселеп артты. Жалпы, оқу тәжірибесінің маңыздылығын түсіне отырып, оның студенттердің білім үдерісінде өте пайдалы екеніне көзіміз жетті.

Бірақ, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті де одан кем түспейтінін ескерейік. Біздің журналистика кафедрасында болашақ журналистерді дайындауға барлық мүмкіндіктер бар. Сонымен қатар, студент журналистер үшін «Атырау-Ақпарат» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынында медиамектеп ашылған болатын. Сол жерде арнайы студиялық, тәжірибелік сабақтар өткізіліп, студенттерге тәжірибе жүзінде дамып, болашақта нық қадам басуға мүмкіндік береді. «Caspian news» тәуелсіз телеканалында және «Қазақстан-Атырау» облыстық телеканалында кафедраның ашқан медиастудиялары бар. Ол жерде тәжірибелі журналистер қызмет атқарып, болашақ журналистерді мамандықтың қыр-сырына үйретеді. Менің ұғынғаным, тағлымдамадан өту негізінен студенттерді сапалы дайындап, болашақ кәсіпті игеру үшін қажет. Ол күнделікті іс-әрекеттің нақты мәселелерімен бетпе-бет келе отырып, оларды кәсіпорындар да, оқу тәжірибесін де қолдануға әрі ғылыми-теориялық тереңдетуге мүмкіндік береді.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің студенттері Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры Жаншайым Байдаулет ханымға және де «Qazaq Universiteti» газетінің бас редакторы Гүлнар Жұмабайқызына ерекше лебізбен алғысын білдіреді. Студенттерге осындай зор мүмкіндік сыйлап, білімімізді арттыруға, оны өзге ортада көрсетуге және дамытуға, болашақ журналистика мамандығының студенттеріне де керемет мүмкіндік сыйлап, жаңа бастама бастаған біздің ұстазымыз Мәншүк Тынышқалиқызына шексіз алғыс айтамыз. Болашақта үлкен жұмыстар атқаруға және ел дамуында айрықша үлес қосуға бар күш-жігерімізді саламыз деп сенім білдіремін!

**Жанарай ҚАЛИМ**  
**Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің журналистика**

**мамандығының 2-курс студенті**

**МОГУ НАЗВАТЬ СЕБЯ РЕДАКТОРОМ**

Вроде только совсем недавно я поступила на 1 курс и думала «Смогу ли я стать хорошим журналистом?». Старалась не пропускать ни одного занятия, проявляла инициативу на производственных практиках, искала свой стиль. Для начала я конечно понимала, что журналистика не так развита как хотелось бы в нашем регионе, но когда ты сам горишь идеей стать профессионалом своего дела, то тебе ничего не помешает. Так я начала с 1 курса на практических занятиях показывать свои репортажи, где я сама писала текст, снимала и монтировала на телефоне.

Первое мое видео было конечно от слова совсем не очень, и получила я за это тоже не плохую критику со стороны преподавателя. Но, благодаря этой критике, во мне проснулся интерес и азарт к этому делу, желание доказать что смогу и докажу это. И так, со второй моей новости я получила свою первую похвалу, радости не было предела. Вы думаете я после этого остановилась?! Конечно же нет! Я только и продолжаю улучшать свои навыки в тексте, съемке и монтаже. Так у меня в голове возникла мысль, «а может мне вовсе стать монтажером?».

1 курс закончился, наступила первая учебно-ознакомитель-



ная практика, дальше уже 2 курс и производственная... пожалуй, это была самая запоминающаяся практика в моей жизни. Тогда я уже решила, что вижу себя в телевидении, и пришла на региональный телеканал Caspian News. Признаюсь, с первых же дней, не пожалела что пришла именно сюда. Три недели практики пролетели очень быстро. Занималась я тем же — выезжала на съемки, писала текст, сидела за монтажом. В последний день практики, я получила сообщение от главного шеф-редактора телеканала, на счет дальнейшего сотрудничества. Я до сих пор помню свои ощущения после прочтения и перечитывания сообщения, ведь я даже и подумать не могла что я смогу остаться тут, а тем более мне предложат работу будучи студенткой 3 курса. Как вы поняли летние каникулы я провела с пользой и работала по своей профессии.

Сейчас я перехожу на 4 курс, за моими плечами год и 2 месяца работы на телеканале. Честно признаться, год был очень продуктивный, за это время я успела поработать — монтажером, оператором, тик-ток блогером, смм-щиком, ну и собственно говоря сейчас я редактор. И в заключении я могу сказать, что этот самый огонь не произошел бы без поддержки со стороны преподавателей кафедры журналистики, коллектива и шеф-редактора. Впереди меня ждет дипломная работа, а после уже и заветный диплом.

**Нурсая ЭЛЬБРУСОВА**  
**студентка 4 курса**  
**кафедры журналистики**  
**Атырауского университета**  
**им. Х. Досмұхамедова**

# ЖАТАҚХАНА – МЕНІҢ ЕКІНШІ ҮЙІМ



**Биылғы оқу жылында білім гранттарының көптеп бөлінуіне байланысты жатақханада жататын студенттер саны да артты. Біздің университетімізде олар N1, 2, 3 жатақханаларға орналасуда. Қазіргі күні оқу орнының жатақханасында тұру ақысы айына 7000 теңге құрайды, былтыр 3000 теңге болды. Айта кетейік, бұл – еліміздегі жоғары оқу орындарының арасындағы ең төмен бағалардың қатарында.**

Біз студенттердің жағдайымен танысу үшін N2 жатақхананың коменданты Айман Өтешоваға арнайы барып жолыққан болатынбыз. Іші мұнтаздай тап-таза студенттер үйі жаңа заман талабына сай жабдықталған. Онда компьютер сыныбы, әр қабат сайын орналасқан жастардың демалыс орны, шахмат үйренушілер клубы, бірінші қабатта кітапхана, теннис үстелі орналасқан. Айман Борисқызының айтуынша, жатақханада барлығы 560 орын болса, соның 335-і биылғы оқуға түскен бірінші курстың студенттерімен толыққан. Жатақханаға бірінші кезекте шетелдерден және республикамыздың өзге облыстарынан келген білім алушылар мен тұл жетімдер қабылданса, екінші кезекте жартылай жетімдер мен алыс аудандардан келген студенттер қамтылған. Тіпті Монғолия, Қытай, Иран, Өзбекстан сынды шетелдермен қатар, Түркістан, Астана, Алматы, Тараз, Семей, Талдықорған, Қызылорда, Маңғыстау, Ақтөбе, Орал қалаларынан келген жастар баршылық. Оның өзі аталған жоғары оқу орнының мерейін онан сайын өсіре түспек. Алға қарайда Атырау университетіне жан-жақтан студенттер келіп, білім алып жатса, бұл да оқу орнына деген сұраныстың жоғарылығынан деп бағалаймыз.

Осы орайда жатақханада орналасқан жастардың кейбірінің өздерімен де жолығып, жақынырақ тілдестік.



**Аяулым БОРАНБАЙ, «информатика пәні мұғалімі» мамандығының 1 курс студенті:** Атырау қаласына алғаш келуім. Атырау университетіне грантқа оқуға түскеніме қуаныштымын. Бұл жаққа келісімен тағмыз айының 25 күні студенттер үйіне орналасып, өзіме жақынырақ достар таптым. Жатақханада заманауи үлгіде барлық жағдай жасалынған. Бос уақытымды құр жібермей, компьютер класына барып сабаққа дайындалсам, қолым бос кезде шахмат ойнап, көбіне кітапханада уақыт өткіземін. Мен өзімнің студенттер үйіне орналасуыма жағдай жасаған университет басшылығына ризамын. Алға қарай да сабағымды жақсы оқуыма жатақханада мүмкіндік мол екенін қуана-қуана айтқым келеді.

**Қанайбек ДӘУЛЕТ, «математика-физика пәні мұғалімі» мамандығының 1 курс студенті:** Өзім Түркістан облысы, Ленгер қаласынан келдім. Мектепті бітірісімен грантты иеленіп, осы өңірге келуіме дәм бұйырды. Төрт жыл тегін оқу – мен үшін үлкен мүмкіндік. Мұнайлы астана атанған Атырау қаласына барып оқу – менің қай кезден де арманым болатын. Қазір жайлы жатақханаға орналасып, сабағымды бастап та кеттім. Іші мұнтаздай таза студенттер үйі менің екінші үйіме айналғандай. Тіпті жатақханаға келісімен теннис ойнауды үйреніп алдым. Бір бөлмеде 4 студент орналастық. Мұнда әр қабар сайын тамақ пісіретін ас бөлмелер мен теледидар қарйтын демалыс бөлмелері бар. Сырттан оқу іздеп келген жасқа одан артық ештеңе керек емес. Комендантымыз Айман апайымыз да – анамыздай бір жақсы адам. Жағдайымызды күнде сұрап тұрады.

**Жансерік Қайратұлы, «денешынықтыру пәні мұғалімі» мамандығының 2 курс студенті:** Менің студенттер үйінде екінші жыл орналасуым. Өткен жылы да жатақханамызда көптеген шаралар ұйымдастырылды. Жасымнан спортқа жақын болғандықтан университеттегі спорттық жарыстарға қатысып тұрамын. Былтыр облыс бойынша бокстан өткен жарыста чемпион атандым. Жатақханада әдемі кештер ұйымдастырылып, теннистен жарыс өткізіліп тұрады. Ал, футболдан өткен 2021 жылғы жарыста біздің «Достық» командасы 1 орынды иеленді. Тіпті студенттер үйі өз үйімдей болып кетті. Сабаққа дайындалу үшін барлық жағдай жасалған. Барлық қабатта тыныштық сақталған. Арасында университет мұғалімдері келіп, пікір сайыстар ұйымдастырады. Айта берсе, жатақхананың жақсы жақтары көп.

**Мәдина Мейрамбекқызы, «қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі» мамандығының 3 курс студенті:** Алғашында мектеп бітірісімен 102 балл иеленіп, грантқа оқуға түстім. Ол менің мектепте алған білімімнің нәтижесі. Өзім Қызылорда облысы, Қазалы ауданынан келгенмін. Үш жылдан бері Студенттер үйі маған өте ыстық көрінеді. Жатақханада жуынатын бөлме, ыссы су салқын су, бәрі жүріп тұр. Жаңадан қондырылған есіктер, пластикалық терезелер орнатылғандықтан бөлмеміз қыста жылы, жазда салқын. Жыл сайын жақсы оқығаным үшін жатақханамен қамтамасыз еткен университет ректорына өзімнің айтар алғысым шексіз. Жақсыны қашан да «жақсы» деп айту керек. Алыстан келген соң білім алу басты мақсатымыз. Жатақханада уақыт қалай өткенін білмей қаламыз. Өйткені, әр қабаттың студенттері қолдары сәл босаса, өнерлерін ортаға салып әртүрлі шараларға да атсалысады. Соның бәрі біз үшін қызық.

**Данияр Бисенов, «тарих пәні мұғалімі» мамандығының 4 курс студенті:** Жатақхана жанға жайлы. Бұнда сабақ оқу да, бос уақытыңды тиімді өткізу де толықтай қарастырылған. Соның бірі компьютерге толы үлкен зал, сан қилы кітаптарға толы кітапхана. Менің студенттер үйіне биыл үшінші жыл орналасуым. Бұл жастар орналасқан орта болғандықтан, үйренгеннен үйренерің көп. Әр түрлі жарыстар ұйымдастырылып, әр студенттің осы бір қызықты өмірінен керемет естеліктер қалдырып отырамыз. Әсіресе, үлгілі, өнерлі студент атанып, мақтау қағаздар алып, бағаланған кезіміз көп. Тіпті үйде анамыз дайындайтын тамақты да күн сайын өзіміз дайындаймыз. Өйткені, студенттік шақ бәріне үйретеді ғой. Бастысы, жатақханада бір үйдің баласындай тату-тәтті тұрып жатқанымызға ештеңе жетпейді екен. Осы ортадан тапқан адал көңілді достарым жетерлік. Сол үшін Атырау университетінің басшылығына айтар алғыс айтамын.

Материалды дайындаған Фархат БАЛҒОЖИЕВ

## АТЫРАУ АУМАҒЫНДАҒЫ СОҒЫС ЖЫЛДАРДАҒЫ ХАЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАРЫ

1942 жылы 23 тамызда неміс әскерлерінің Сталинград облысының аумағына және Қалмақ даласына кіруіне байланысты КСРО Мемлекеттік қорғаныс комитеті мен КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы өз қаулысымен Гурьев облысын Қазақ КСР-дегі майдан түбіндегі жалғыз облыс деп жариялады.

1942 жылы 1 қыркүйекте Гурьев облыстық қорғаныс комитеті құрылды. Облыстың еуропалық бөлігінде түнгі 23-тен таңғы 5-ке дейін көшелер мен орынжайларда жарық жағуға қатаң тыйым салынды. 1941-42 жылдары Гурьев облысының соғыс аймағына жақын болуы себепті Қазақ КСР НКВД орындары кезінде кеңес үкіметіне қарсы шыққан адамдар туралы мәліметтерді қайта көтеріп, ерекше есеппен тексеріле бастады. 1941 жылы 29 мамырда Гурьев облыстық НКВД басшысы, лейтенант Колесников №45379 қызметтік хатпен Қазақ КСР НКВД басшысы орынбасары Белоновқа мәлімет береді. Онда Гурьев аумағында 1921-22 жылдары орыс казактар, 1930-31 жылдары Адай көтерілісі, 1933, 1934, 1935 жылдары Карабасов, Бопелдыков, Джумагазиев бандылары болды деп көрсетті. КСРО НКВД басшысының 1941 жылғы 8 мамырдағы №92\20 құпия бұйрығы бойынша облыстағы банды қозғалысына қатысқан адамдар ерекше бақылауда деп мәлімдеді. 1941 жылдың 25 қыркүйегінде Гурьев облыстық НКВД милиция бөлімі басшысы орынбасары Баекенов №24,902 қызметтік хатпен Қазақ КСР НКВД басшысы орынбасары Белоновқа мәлімет береді. Онда 1941 жылдың тамызынан бастап банды қозғалысына қатысқандарды бақылап, тексеру және олардың арасына сенімді тыңшыларды орналастыру үшін облыс аудандарына жауапты офицерлерді бекіткен.

1.Новобогат, Теңіз аудандарына - лейтенант Тарасенко;  
2.Шевченко, Маңғыстау аудандарына - Замятин;  
3.Бақсай, Есбол аудандарына - Аймағамбетов;  
4.Жилокоса, Мақат аудандарына - Мухин.

1941 жылдың қыркүйегінде Гурьев облысында банды қозғалысына қатысқан адамдар есепке алынған:

- 1.Гурьевте - 9;
- 2.Шевченкода - 40;
- 3.Маңғыстауда - 28;
- 4.Жилокосада - 7;
- 5.Мақатта - 92;
- 6.Новобогатта - 7;
- 7.Бақсайда - 10.

Осы есептегі адамдарға 23 арнайы тыңшы бөлінген. Олардың мәліметінше, Доссор мұнай кәсіпшілігінде кеңес үкіметіне қарсы адамдар тобы берілген. Олар:

1.Аханов Күзембай 1902 жылы туған. 1931 жылғы Адай көтерілісіне қатысушы. Доссордағы қоймада жүкші болып қызмет жасайды.

2.Айтұқов Ерғали 1897 жылы туған. 1931 жылғы Адай көтерілісіне қатысушы. Доссордағы қоймада жүкші болып қызмет жасайды.

3.Айтбаев Берғали. 1900 жылы туған.Тәркіленген бай. 1931 жылғы Адай көтерілісіне қатысушы. Доссордағы қоймада жүкші болып қызмет жасайды.

Сондай-ақ, кеңес үкіметінің саясатына қарсы үгіт жүргізетін банды қозғалысы мүшелері де жедел тексеріске алынады. Олар:

1.Пузаткин Михайл Василиевич 1902 жылы Есбол ауданы Кулагино селосында туған. Балықшы шаруа. 1934 жылы Гурьев соты 3 жылға соттаған. Гурьев қаласында тұрады.

2.Гайворонский Степан Захарьевич 1911 жылы Сталинград облысында туған.1933 жылы РФ қылмыстық кодексі 59\3 бабымен 5 жылға сотталған. Гурьев қаласында тұрады.

3.Сироткин Степан Илларионович 1897 жылы туған. РФ қылмыстық кодексі 59\3 бабымен 5 жылға сотталып, Астрахан лагерінде отырған.Гурьев қаласында тұрады.

4.Жұрынбаев Аглак 1902 жылы туған. 1938 жылы РФ қылмыстық кодексі 59\3 бабымен 5 жылға сотталған. Гурьев қаласында тұрады.

5.Абдрахманов Багит 1919 жылы туған. 04 қаңтар 1936 жылы РФ қылмыстық кодексі 59\3 бабымен 5 жылға сотталған. Гурьев қаласында тұрады.

6.Поспешин Иван Петрович 1898 жылы туған. 1921 жылғы Гурьев қаласындағы көтеріліске қатысқаны үшін 1929 жылы РФ қылмыстық кодексі 59\3 бабымен 5 жылға сотталған. Гурьев қаласында тұрады.

Жилокоса ауданы бойынша:

1.Артықбаев Журхан 1896 жылы туған. 1931 жылы РФ қылмыстық кодексі 59\3 бабымен 5 жылға сотталған. Жилокосада тұрады.

2.Куттымуратов Қалым. 1931 жылы Адай көтерілісіне қатысқан үшін РФ қылмыстық кодексі 59\3 бабымен 5 жылға сотталған. Жилокосада тұрады.

3.Коспанов Канаш. 1931 жылы Адай көтерілісіне қатысқан.Сотталмаған. Жилокосада тұрады.

4.Сугурбаев Даут 1892 жылы туған. 1934 жылы Карабаев бандысына қатысқаны үшін РФ қылмыстық кодексі 59\3 бабымен 5 жылға сотталған. Жилокосада тұрады.

5.Беркимаев Лумбет 1888 жылы туған. 1934 жылы Карабаев бандысына қатысқаны үшін РФ қылмыстық кодексі 59\3 бабымен 5 жылға сотталған. Жилокосада тұрады.

6.Жарбусынов Алимбет 1893 жылы туған. 1931 жылы Адай көтерілісіне қатысқан.

7.Аралбаев Қалғанат 1905 жылы туған. 1934 жылы Карабаев бандысына қатысқаны үшін РФ қылмыстық кодексі 59\3 бабымен 5 жылға сотталған. Жилокосада тұрады.

8.Коспаев Куат 1911 жылы туған. 1931 жылы Адай көтерілісіне қатысқан.

Карабаев бандысы Батыс Қазақстан облысының далалық аудандарында 1934 жылы әрекет еткен.

Новобогат ауданы бойынша:

1.Дюсембаев Мыстрғали.1924-25 жылдары банды болған. 1926 жылы 3 жылға сотталған.

2.Кусайнов Ерсары. 1924-25 жылдары банды болған. Қашып кетіп,сотталмаған.

3.Неталиев Абуталий. 1921-24 жылдары банды болған. 5 жылға сотталған.

4.Уденов Жауымбай. 1921-24 жылдары банды болған. 5 жылға сотталған.

5.Утеғалиев Кумар. 1924-25 жылдары банды болған. 3 жылға сотталған.

6.Утеғалиев Нурхан. 1924-25 жылдары банды болған. 3 жылға сотталған.

7.Бирмуғамбетов Жалмухан. 1924-25 жылдары банды болған. 3 жылға сотталған.

Бақсай ауданы:

1.Кенжеахметов Сүндет, 1906 жылы туған.Атақты банды Кенжеахметов Аманғалидың інісі. РФ қылмыстық кодексі 59\3 бабымен 5 жылға сотталған. Бақсайда №5 совхозда есепші.

2.Джумағалиев Бисенбай, 1905 жылы туған. Кенжеахметов Аманғали бандысына қатысқан. РФ қылмыстық кодексі 59\3 бабымен 5 жылға сотталған. Мамбет ауыл

Маңғыстау НКВД-сы.

8.Демьяшов Александр Евграфович 1893 жылы Испул ауданы Карманово селосында туған. Серов, Киселов бандысы мүшесі. 1930 жылы тәркіленіп, жер аударылған.

1942 жылы 15 қыркүйекте Гурьев облыстық НКВД бөлімі кеңес үкіметіне өте қауіпті,банды қозғалысына қатысқан адамдар тізімін жасайды.

Олар:

1.Поспешиль Иван Петрович 1899 жылы Киев облысында туған. Кулак. 1919-1920 жылдары Струк бандысына қатысып 10 жылға сотталған. Гурьев қаласында тұрады.

2.Голохвостов Михайл Федорович 1900 жылы Батыс Қазақстан облысы Чапаев ауданында туған. 1921-22 жылдары Мазанов бандысына қатысқан. Гурьевте тұрады.

3.Абдулов Гарфзян Якупович 1887 жылы Бақсай ауданы Топойлыда туған. Толстов армиясында қызмет атқарған. Серов, Киселов бандысы мүшесі.

4.Куатов Кидан 1911 жылы Еркінқалада туған. Байдың баласы.Мамай бандысына қатысқан. Мамай хан Маңғыстау ауданында әрекет еткен.

5. Мурунов Туеш. Байдың баласы. 1931 жылы Батыс Қазақстан облысы Тайпақ ауданында банды болған. Гурьевте тұрады.



кеңесінде тұрады.

3.Черняев Николай Иванович, 1903 жылы туған 1921-23 жылдары Серов, Киселев бандысына қатысқан. Топойлыда почта басшысы.

4.Черняев Иван Михайлович, 1899 жылы туған. Киселев бандысына қатысқан. Топойлыда тұрады. Топойлыда 6 милиционерді атуға қатысқан.

5.Ульянов Михайл 1901 жылы туған. Киселев бандысына қатысқан. Топойлыда тұрады.

6.Яшков Александр, 1921 жылғы көтеріліс басшысы Яшковтың інісі. Сарайчик селосында Чумаға қарсы қызметте жұмыс жасайды.

1942 жылы 02 қаңтарда Гурьев облыстық милиция бөлімі жедел уәкілі Дыканбаев Қазақ КСР НКВД басшысы орынбасары Рудаковқа №37 қызмет хатында, облыста 212 банды қозғалысына қатысқан адам бар деп мәлімдейді. №6 іс. Бұнда Сағыз мұнай кәсіпшілігінде әрекет еткен «Көтерілісшілер тобы» айтылады.

Топ мүшелері:

1.Савенков Лука Иванович 1894 жылы туған.Тамбов облысының кулағы. 1914-18 жылдардағы соғыста неміс әскері тұтқынында болған.

2.Володин Иван Матвеевич 1908 жылы Харьковте туған. 1939 жылы сотталған. Сағызда тұрады.

3.Рыжих Данил Степанович 1910 жылы Курск облысында туған. 1935 жылы 5 жылға сотталған.

№426 іс.

1.Ефремов Николай Давыдович 1899 жылы туған. Толстов армиясында болған. Гурьев милициясында қызмет жасаған. 1921 жылғы көтеріліске және чекист Миридоновты өлтіруге қатысқан.

16 наурыз 1942 жылы облыста банды қозғалысына қатысқандар саны 390 адам болды. Олардың ішінде:

1.Попов Григорий Евстрафевич 1892 жылы туған.Кулак. Серов,Киселов бандысы мүшесі.

2. Аймышев Сантай 1896 жылы туған.Чуланов бандысы мүшесі.

3.Кенжесов Бекбосын 1900 жылы туған.Байдың баласы.1927-29 жылдары Қожахметов Құныскерей бандысы мүшесі.

4.Баймағамбетов Қуанышқали 1900 жылы туған. 1927-29 жылдары Қожахметов Құныскерей бандысы мүшесі.

5.Темірбаев Туман 1896 жылы туған. Тәркіленген бай.1931 жылы банды болған.

6.Кирпичников Алексей Владимирович. Толстов армиясында взвод командирі болған. Серов, Киселов бандысына қатысқаны үшін 1930 жылы 5 жылға сотталған.

7.Джангабулов Саттыгул. Тобанияз Алниязов туралы өлең шығарған. 1942 жылы 20 наурызда іс қозғалған.

6.Султанов Мурун. Атақты бай. Батыс Қазақстан облысы Тайпақ ауданында банды болған. Гурьевте тұрады.

7. Рамазанов Мамин. Байдың баласы.Мамай бандысы мүшесі. 5 жылға сотталған. Гурьевте тұрады.

1941-45 жылдары соғыс кезінде де облыс территориясында әскерден қашқан адамдар қаруланып, топтасып елді мекендерге шабуыл жасады.1942 жылы 26 шілдеде Маңғыстау аудандық НКВД бөлімі тауда қасырынған Туриков Сүйесін тобын ұстады. Қоршап, ұстау кезінде Туриков тобы атысып, қатты қарсылық көрсеткен.

1.Туриков Сүйесін 1902 жылы Мақат ауданы Тайсойған құмында туған.1931 жылы банды қозғалысына қатынасқан;

2.Ананашев Тауасар 1914 жылы туған.1931 жылы 10 жылға сотталған;

3.Дауынғаров Битан 1919 жылы Маңғыстауда туған, сотталмаған;

4.Копашев Ундаған 1908 жылы Оңды ауылы Маңғыстауда туған, сотталмаған;

5.Таганиязов Аязхан 1888 жылы Форт Шевченкода туған. 1938, 1940 жылдары екі рет сотталған,

6.Таганиязов Наби Форт Шевченкода 1922 жылы туған;

7.Таганиязов Темирхан форт Шевченкода 1900 жылы туған.Туриков тобы винтовкамен қаруланып, колхоз төрағасы Қосанов Таужанды өлтірмек болған.колхоздан 7 жылқы, 10 қой ұрлаған. Гурьев НКВД бөлімі тергеп, істі Оңтүстік Орал әскери трибуналына жіберген. Трибунал сотталушыларды майданға жіберген.

1942 жылы тамызда Жилокоса НКВД бөлімі, аудан жеріндегі Басаров Тулешакпиев Кабдығали тобын ұстады. Осы топта:

1.Жолдаспаев Нұрғали 1897 жылы Ембіде туған,сотталмаған;

2.Артықбаев Шантабай 1914 жылы Ембіде туған,сотталмаған;

3.Кайралапов Адилхан 1899 жылы Ембіде туған,сотталмаған;

4.Бөлтенев Айдаралы 1906 жылы Ембіде туған. 1941 жылы сотталып Астрахань лагерінен қашып кеткен. Тергеуде осы топ, Жем-Байғанин арқылы Түркменстанға өтіп кетпекші болғаны анықталған. Гурьев НКВД бөлімі тергеп, істі Оңтүстік Орал әскери трибуналына жіберген. Трибунал сотталушыларды майданға жіберген.

Лесқали БЕРДІҒОЖИН,  
тарих ғылымдарының докторы

Дана АЛИПОВА,  
тарих магистры

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

# ҒҰМЫР – ҒАЙЫП...



«Баян Улжағалиевна, жаңа оқу жылының оқу жүктемесіне өзгеріс енгізгелі отырмын. Профессор Fizat Imashulyның сағаттарын сізге жазамын» – деген кафедра меңгерушісінің хабарламасын оқығанда, бойым салқындап, жүрегім дүрсілдеп кетті. Fizat ағайымыздың арамызда жоқ екені енді санама жеткендей...

Замана жырауы Жәнібек Кәрменов «Өмір туралы толғауында»:

«Адам қонақ өмірге,  
Бір күні қолын бұлғайды.

Тірліктің түбі белгісіз ағын бір судай зырлайды...

«...Орны қалар ойсырап...», – деп жырлағандай, біздің физика және техникалық пәндер кафедрасы үшін Fizat Imashulyның орны ерекше еді.

Өмір біз ойлағандай бола бермейді, күні кеше ортамызда мерейлі 70 жасын атап өткен, әріптесіміз, ұлағатты ғалым Fizat Imashulyның ойламаған жерден келмес сапарға аттанғаны қабырғамызға қатты батты. Өйткені, ол тынымсыз еңбегімен, ақыл-парасатымен тек Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде ғана емес, республиканың түкпір-түкпіріндегі сан мыңдаған шәкірттерінің, дос-жолдастарының, замандастарының, құрметіне бөленген біртуар азамат еді.

Fizat Imashulyның мейірімді, сәл ұяла жымыятындығы, қарапайым кейіптері, үнемі әйел адамға жол беретіндігі, өзекті мәселелер жөнінде терең ой, жанашырлық пікірлері, ораторлық шеберлігі, көрегендік тұжырымдары қайта-қайта көз алдыма елестеп, даусы құлағымға келгендей. Ағайды үнемі толғадыратын физикалық зертханалық аудиториялар, құрал-жабдықтар, білім беру жүйесі, рухани өсу жағы еді, әңгіме өрісі болашаққа ойысып отыратын. Жаны жақсылыққа, әділдікке жақын, қиянатқа қарсы-тұғын.

Талай «физика» мамандығын бітірген түлектерден: ағай тілге шешен, білікті әдіскер, оның ойға орамды лекциялары мен конференция, семинар сабақтары өте тартымды өтетін, – дегендерін, ағайдың өнегелі еңбегі, тыңдырымды істері және қарапайым да парасатты мінезі үлкен абырой-беделге ие болған ұжымымыздың тәжірибелі, үздік маманы екендігінің айғағы болатын.

Адам баласы ұстаз ұғымын ұлықтамаса тәлімсіз, қағидасыз қалып, адамдық келбетін айқындай алмай тығырыққа тірелетіні сөзсіз. Сонау 1992 жылы университет бітіріп, Атырау қаласының дарынды балаларға арналған ұлттық гимназиясында жұмыс істеп жүрген кезімде Атырау университетінен біраз профессор-оқытушылары дәріс жүргізетін. Сол кезде Fizat Imashulyмен танысып (сол кезде физиканы оқыту әдістемесі кафедрасының меңгерушісі), бізге университет бітірген мамандар қажет еді деп, жұмысқа шақырған-ды. Бірақ, қоятын бір шартым бар: Университетте жұмыс істеу – тек оқу-тәрбие үдерісін қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар ғылыммен де айналысуға тиіссіз, деп болашаққа бағдар бергенді. Оқушыларыммен жүргізген шығармашылық жұмыстарыммен танысып, талдай келе, «Нәтижелерді ғылыми мақала ретінде журналға бер, міне, осы зерттеулеріңнің бастамасы болсын» дегенді. Бүгінгі менің жеткен жетістіктерімнің көп үлесі ағайымызға тиесілі.

«Жаныңда жүр жақсы адам» дегендей, Fizat Imashulyның ақыл-ой парасаты, адамгершілігі, терең білімі, ұйымдастыру қабілеті, қысқасы, бар болмысы біз үшін биік еді. Қандай іс болса да Fizat Imashuly біздің айбынымыз, басшымыз, ақылшымыз, қамқоршымыз болатын.

Тәуелсіз елдің әрбір аймағында, әрбір өңірінде өзінің сара жолымен –елге, халыққа сіңірген еңбегімен өскелең ұрпаққа үлгі болатын азаматтарымыз жетерлік. Соған сәйкес, қазақтың тұңғыш бар ақыны Табылды Досымовтың «Биіктік» өлеңінде:

Ерліктері айналмайтын елеске,

Атыраудың алыбының бәрі есте, –

дегені бар еді. Мәнді өмір – мәңгі өмір. Сол есте ұзақ сақталатын ерен тұлғалардың бірі, парасат биігіндегі ғалым – ұстаз – Fizat Imashuly.

Ұстазымыз арамыздан кеткенімен, оның жарқын бейнесі, сөзі, қалдырған іздері өлмейді. «Тау алыстаған сайын биіктей беріп, тұлғалана түседі» демекші, Fizat Imashulyның бұл өмірдегі істеген жақсылығы күннен күнге молаяды, бастаған істері жалғасын табады дегім келеді.

Баян Қуанбаева, п.ғ.к., қауымдастырылған профессор



Белгілі ғалым, қаламгер, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Индер ауданының Құрметті азаматы, «Қазақстан Республикасы Жер қойнауының құрметті барлаушысы», геология терминдерінің тұңғыш түсіндірме сөздігінің авторы, геология-минерология ғылымдарының докторы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры Нәсіпқали Сейтов 78 жасында өмірден өтті. Ғалымдығымен қатар, ақын-жазушылығымен де танымал тұлға қоғам өміріне белсене араласып, «ФБ-да Сейтов Нәсіпқали» атауымен жеке әлеуметтік парақшаларында өлеңдері мен мақалаларын жариялап, көптің талқысына салып отырды. Төменде Нәсіпқали Сейітұлының соңғы кездегі шығармашылығынан бір үзінін ұсынып отырмыз.

## ЕРТЕНГІ ЕЛДІҢ ЕСІНЕ


Жайпақ жоны жайқалған гүл, егінге,  
Дархан елім, сен – пірім, тірегім де.  
Келем ылғи жоғыңды жоқтауменен,  
өзім көрмей көп қызық бұл өмірде.  
Қаладым да қоғамның өзгергенін,  
бар мен жоқты бағамдап безбендедім.  
Тойлар толы дарақы топ шулаған,  
жан жылытар қызықты көп көрмедім.  
Болмаса егер билікшіл не бір сылқым,  
қалғандарға қалған сый – қиқым-сиқым.  
Елді сүйген естіні мадақтау аз,  
жан семіртер сөзге де сараң жұртым.  
Қаламдастар аз тағы қаумалаған,  
бұйыртып пады салтанат – сауға маған.  
Қастерлеудің қызығы қашық менен  
шабыт сыйлап, жанымды жаулап алар.  
Аңсасам да биік шың, алыс қырды,  
болмашымен ит-тірлік алыстырды.  
Қастерлеудің қызығы алыс менен,  
кең көлемді алаптан қалыс қылды.  
Түсінбейді мендегі халық мұңды,  
Билік жағы бетіме салық қылды.  
Сөз ұғатын сұңғыла аздау бүгін,  
Соқырлар мен кереңдер жалықтырды.  
Топқа ілесіп жөңкіле ұйренбеп ем.  
Өмір өтіп барады күйбеңменен.  
Мен көрмей-ақ қояйын сияпатты,  
көрсем болды Елімді ілгерлеген.

## ТАУСЫЛМАЙТЫН МЕНДЕ ОСЫ НЕТКЕН УАЙЫМ?!

Таусылмайтын менде осы неткен уайым?!  
Елдің зарын неге ылғи соқталаймын?  
Шырылдаймын мең-зең боп, күйіп-пісем,  
шарасыздық қашанға ноқталайды?!  
Неге ақылдың арынын іске қосып,  
еркін елдің ертеңін жоқтамаймын?!  
Арсыздықтың ауанын анықтап ап,  
кектің оғын неге оған оқтамаймын?!  
Кеулеп кеткен іріңді індетпесек,  
меңдеп алған құрт ауру тоқтамайды.  
Ниет дұрыс...

Болсын деп ерен елім,  
жөндеп құрғым келеді – ақ керегені.  
Ақ отауда ақжарма сайран салып  
күн кешкенін қалаймын немеренің.  
Былапытпен былғанған бұл ортаны  
жөндеу үшін қолымнан не келеді?!...  
...Түк келмейді!...

Пенденің кеудесінде  
қараулықтар кеулеген кенерені.  
Үміттер аз... Себебі біздің қоғам –  
мың мылқау мен миллион керең елі!  
Тентіретіп Ұлтқа тән тектілікті,  
іскерлікке баланды ептілікті.  
Алдау, арбау, бопсалау – байлық қуу  
керек қыла қоймады көп білікті.  
Тоғышарлар топтасқан тобыр болдық  
астау болса алдында, жеткілікті.  
Қатынастар қоғамдық Ақты шектеп,  
көлеңкелі істерді көп қылып тұр.  
Рухани әлемді аштық жайлап,  
қомағайдың қарынын тоқ қылып тұр.  
Ой-теңіздің сүңгімес тереңіне  
тоғышардың өмірде керегі не?  
Өзіне шақ құрқытай ұясы бар,  
сол ұяшық жетеді керегіне.  
Құлағына кірмейді ғибраты  
Өмір жайлы толғаған өрелілер.  
Уайым-қайғы естіде артқан сайын  
есту тиіс құлақтар кереңірек...  
...Менікі де құр босқа тыраштану,  
көмек сұрап жатқан жоқ ел еңіреп...



## ТЕАТРҒА БАРУДЫҢ ЖЕТІ ПАЙДАСЫ

Өмірде әртүрлі пайымдар мен көзқарас, қағидалар бар. Солардың бірі адам жанына қажетті рухани дүниеге деген түсінік-пайым. Адам баласы бұны өте ертеден-ақ түсіне білген. Қашанда, рухани дүниенің өнер арқылы өрбитіні белгілі. Сол өнердің ішіндегі ең жан-жақтысы, әрі көнеден келе жатырғаны, ол – театр өнері. Өйткені театр сахнасындағы кез-келген қойылым адам жанына тікелей әсер етуші күш, былайша айтқанда сананың, ішкі құлшыныстың қозғаушы модуляторы, ішкі ағзаның рухани иммунитетін көтеретін, біраз уақыт түсірмей ұстап тұратын рухани-моральды құрал іспетті, адам жанына сәуле түсіретін маяк тәрізді мағызға ие. Театр – тірі организм, ол жаңа заман ағымымен бірге тіршілік етеді. Ол көрерменді үйретуге, тәрбиелеуге тырыспайды. Барды бар күйінде, әртүрлі техникада, өнер тіліне салып көрсетеді, әрі қарай шайнап-жүтуді, тұщынуды, пайдаға асыруды адамның өз еркіне қалдырады. Театрда, жалпы өнерде шындық бар. Әрине өнердің шындалу жолында жасандылық, жаттандылық (фальш, пафос) кездесіп жаттуы әбден мүмкін. Оның өзі заңдылық. Сондықтан да оны қалыптасу, дағдылану сатысындағы өтпелі процесс деп қабылдай білу, түсіну керек. Маңыздысы – айтылар ойдың, ансамбльдік мазмұнның тұтастығында. Сондай бірліктің табылған қойылым – нағыз әсерлі, өнімді жан азығы болып табылады. Осы әсер етуші аспектілер ішінен мен адам жан-дүниесінің ішкі балансын реттейтін, рухани мүмкіндіктің жеті пайдалы жақтарын ашып көрсеткім келеді. Әйтпесе, бұл жөнінде түсінігін кеңейтпеген, сахна өнерінің пайымын білмеген адам театрға жәй ғана келіп кетуші, тобыр санын көбейтуші қара болып қала береді. Қоғам санасының, оның мәдени иммунитетінің төмен болуы, өспеуінің бір гәбі осында.

**1. Таным-түсінік.** Ең бірінші пайдасы театрға келу арқылы адам өзгеге қарай отырып өзін таниды. Өзін табады. Өз-өзіне есеп беруге қадам жасайды. Мен кімін? – деген сұраққа жауап таба бастайды. Әрине бірден емес, біртіндеп. Театрға екі-үш рет келген адам өзінің ішкі жан-дүниесі нені қалайтынын, не керек екенін сезіне бастайды. Саналы түрдегі жанның түлеуі (озорение – сана деңгейіндегі ішкі түйсіктің ояну процессі). Бұл деңгейге жеткен адам театрдың әлеуметтік парақшасына үңіліп, театрдың жылдық, айлық репертуарына назар салатын болады, жалпы театр туралы, өнертануға қатысты ақпараттармен ерікті түрде тереңірек таныса бастайды. Спектакльдің жан-рын, тақырыбын тандап келетін дәрежеге жетеді. Адамның мәдени таным-түсінігі, ой-өрісі кеңейеді.

**2. Өзгеріс.** Театрдың екінші пайдасы – адамның жақсы жағына өзгеруіне мол мүмкіндік беретіндігі. «Театр – өнер ошағы», ол көрермендерге әрдайым дұрыс бағыт-бағдар көрсетіп жол сілтеп отырады. Сол үшін де бұнда талғамы биік, интеллектуальды, кәсіби мамандар көркем ой біріктіріп жұмыс жасайды. Бүгінгі заман талабы қатал, ол әр адамды жаңа өмірге бейімделіп өзгеруге шақырып отыр. Сананы тұрмыс би-

леген уақытта, көп адамдардың күн-көріс қамымен, күйбең тірліктен босай алмай тұрмыс тауқыметінен шыға алмай спектакльдерге бара алмай, үйден шыға алмай жататыны белгілі. Тіпті қашықтық /онлайн/ арқылы осындай тиімді пайдалы хабарды көру арқылы да ниет қойған кез-келген адам психологсыз-ақ өзгерудің рухани жолын театрдан таба алады.

**3. Мәдениет.** Үшінші пайдасы – мәдениеттілікке жасалатын визуалды-вертуалды, интеллектуалды қадам. Яғни сахнадағы сөз сөйлеу, үндеу, сөз саптау, дыбыс шығару, сөз тыңдау мәдениеті, жүріс тұрыс этикасы, қимыл-қозғалыс ережесі кинодағыдай, экрандағыдай емес, әртүрлі эмоциялық кейіптегі мінезде шығатын әртүрлі әрекеттегі демнің, күлкінің, жылаудың, реніштің, мұңның, айқайдың, үнсіздіктің сахнада жанды бейнеде көрінуі, естілуі оның көрерменге сана деңгейінде жетіп, үнсіз қабылдануы – шындығында, үлкен өмір мектебі. Театр, спектакль мәдениетінің эстрадалық-шоу концерттерден баста айырмашылығы да – мұнда адам жанын әсіре қоздырып, әнмен елірту басты мақсат емес. Театрдағы әуеннің артында сөз композициясы, дикция, ораторлық шеберлік, түрлі қозғалыс динамикасы мен мимика-жестикуляция, мінез-қылық жиналып келіп бір тұтас көрініске қызмет етеді. Көрермен жат әрекеттерден іштей тіксініп, түсініп, одан аластанып, өзіне қажеттіні жазбай танып, өзіне керектіні ерікті үнсіз қабылдай алады. Мәдени-рухани жетілу дегеніміз де осы.

**4. Кітап.** Театрға келудің төртінші пайдасы – ол көрерменнің кітап оқығанмен тең білім алатындығы. Бүгінгі күні кітап оқуын десе де көп адам оған уақыт таба алмайды, ол рас. Қазір аудио кітапқа көп көңіл бөлініп жатыр, бұнда да сол сықылды, бірнеше күн жүріп оқитын кітаптың оқиғасын 50 минут, 1 сағат 20 минутқа сиғызып көз алдына тірі кейіпке енгізіп, жанды дауыста, бейнеде көрсетіп береді. Керемет емес пе?! Қаншама уақыт үнемделеді. Әлемдік деңгейдегі әдеби, тарихи, классикалық дүниелер туралы пікір, түсінік қалыптасады. Әрі қарай сол оқиғаға деген көрерменнің қызығушылығы оянып, оны өз бетімен тақырыпты қуалап ізденіп, әлеуметтік энциклопедия-википедияға кіріп, түсінігін одан әрі толықтыру мүмкіндігіне ие болады. Сөз сөйлеу мәнерасына мән береді.

**5. Медитация.** (жан сауықтыру) Бесінші пайдасы театр адам жанын тыныштандырып үйретеді. Сахнадағы іс-әрекетті көріп отырып әр көрермен өз ойымен оңаша (уединение) қалады. Ойға шому арқылы адам жаны байсалдылыққа, сабырлыққа, шыдамдылыққа үйренеді. Ойды белгілі бір оқиғаға мән беріп, бір нүктеде тоқтата білу, назар салу сияқты жұмыс жасатады. Сахна мен екі ортадағы ауокуатты (энергетиканы) сезінеді. Әсерге бөленеді. Сахнадағы ауысып отыратын оқиғалар, іс-әрекеттер көрермен көңіл-күйін әралуан тербеліске түсіреді. Бір жоғары, бір төмен. Қуанады, күледі, рахаттанады, енді бірде терлеп-тепшиді, тебіренеді,

көзінен еріксіз жас парлай жөнеледі. Қойылым барысында аласұрған ішкі сезімін осылай қамшылайды, ауыздықтап тәрбиелейді, жаттықтырады, кейде тіпті шылбырын шешіп, еркіне қоя береді. Оқиға желісіне ілесіп, бәрін ұмытып, ойдың қиял кемесіне мінгесіп біраз шарықтап қайтады. Оны көрерменнің азғасы сезім деңгейінде атқарып жатқанымен, сана деңгейінде мән бермейтіні анық. Бірақ бұл процесс міндетті түрде жүретін болады. Бұл дегеніңіз, тыныштықта өзімен өзі қалу – яғни медитацияда болу деген сөз. Ой жаттығуы арқылы жаны тазарады, бір қалыпқа, ретке келтіреді, сол арқылы денсаулығы да артады.

**6. Қарым-қатынас.** Алтыншы пайдасы сөз жоқ театр қалың жұртқа арналған мәдени-көпшілік орта. Осында келу арқылы көрермен көптеген жаңа адамдармен танысады, бұрыңғы таныстарын кезіктіріп жатады. Антракт (қойылым арасындағы үзіліс) кезінде көрермендер спектакльдерді өзара талдау, сараптау арқылы ой бөлісіп, бір-бірінің түсініктерін толықтырып отырады. Өнер адамдарымен, жұлдыздармен танысады, өнердің айналасында жүрген рухани ортамен таныса болады. Өзара театрлық көркем орта қалыптастырады. Сырттай, жақыннан – алыстан қарым-қатынас орнатып, байланыс табады. Театрмен, өнер саңлақтары – режиссерлер, суретшілер, актерлермен, олардың өнері, ойыны арқылы, фоеде орналасқан ақпараттық терминалдардағы өмір жолдарымен, өнерімен, партфолиосымен танысу арқылы, вертуальды қарым-қатынас жасау мүмкіндігіне ие болады. Бұл жерде де қарым-қатынас арқылы жаңа күш-қуат, ой-өріс, көзқарас тудырып, пікірталас кеңістігіне шығу мүмкіндігіне ие болады.

**7. Құлшыныс.** Театрға тұрақты келу арқылы көрермен – репертуардағы қойылымдарды түгелге жуық көріп біліп, талдау жасауға оқып үйренеді. Тіпті бір қойылымды екі-үш қайтара көруге деген ынта, құлшыныс пайда болады. Жоғарыда айтылған пайдасы аспектілерден біртіндеп өткен сайын ішкі таным-түйсігінде рухани жаңғыру процесстері жүреді. Рухани азықты жан-тәнімен қабылдай алатын дәрежеге жеткенде адам азғасы түбегейлі жанданады. Өмірге деген қандай да бір (мотивация) ішкі құлшынысы, шабыты оянады. Түсіну, ұнату, сезіну қабілеті артады. Өнер арқылы осылай өмірдің құндылығын, мән-мазмұнын ұғынады. Құлшынысы арытқан адамның айналасына да сондай пайдасы жағымды шуақты, әсерді шашары хақ. Бұл бойына адами рухани құндылықты жинаған адамдар легін көбейтіп, елдің, қоғамның ортақ рухани жетістігі болып табылады. Олай болса театрға бет бұрып, мақсатты түрде келуді жаппай қолға алатын кез келді, ағайындар.

**Темірбек МАЖИТҰЛЫ,**  
республикалық Махамбет атындағы сыйлықтың иегері,  
Атырау облыстық Махамбет атындағы академиялық қазақ драма театрының бас суретшісі,  
мәдениет саласының үздігі

## ТАБИҒАТ АЯСЫНДА – СУРЕТ КӨРМЕСІ

Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті студенттердің жаңа бастамасы мен креативті идеяларын қолдауға қашан да дайын. Сондай ерекше жобалардың бірі осыдан екі жыл бұрын жүзеге асты. Ол – «iSpace» бизнес-инкубаторы мен экокампус даму бөлімінің және «Salvadoro ART» дизайн кешенінің қолдауымен жүзеге асқан жобасы.

Оған сәйкес, оқу орнының дизайн мамандығына оқып жатқан студенттері – Гауһар Амантаева мен Айнель Сайфоллаева экологиялық ахуалды жақсарту мақсатында талдардың діңіне түрлі тақырыптағы суреттер салып, безендірді. Бір қарағанда, талдағы суреттер бір жағынан таңданыс туғызып, екінші жағынан, жасыл желек үшін алаңдаушылық тудыруы мүмкін. Шындап келгенде, бұл ағаш үшін пайдалы процесс болып табылады. Себебі, оны жүзеге асыру үшін талдың «өлі» және шіріген бөліктері түгел алынып тасталады да орнына емдеу мақсатында қолданылатын пасталар немесе басқа да осы мақсаттағы бұйымдар жағылып, соның арқасында талдың әрі қарай шіруіне жол бермей, түрлі ұсақ жәндіктерден қорғап тұрады. Бұл – ұзақ уақыт жасалатын жұмыс, сондықтан, одан нәтиже шығаруға барлық күш-жігерін, ойы мен алтын уақытын жұмсаған студенттердің еңбегі зор.

– Университет базасындағы «iSpace» бизнес-инкубаторы және экокампусы дамыту бөлімі 2017 жылдан бастап жұмыс істейді. Ол студент жастардың стартап жобаларын қолдау, кәсіпкерлік машықтарын қалыптастыру және жаңа компаниялардың қалыптасуына ықпал ету мақсатын көздейді. 2017 жылы университеттің ішкі қаржыландыру көздері арқылы балама энергетика саласындағы «Тексан Казахстан Инвест» компаниясымен бірге қолға алынған екі ғылыми жоба жүзеге асып, патенттерге ие болды, – дейді бөлім басшысы Жаңылсын Байбалиева.



Атырау университеті студенттерінің стартап жобалары «NURINTECH», «Astana Youth Forum» республикалық байқауларында таныстырылып, 2017 жылы «ASUBags» эко-сөмкелер шығару жобасы «Мен жастарға сенемін!» студент жастардың патриоттық жобасының төртінші рет өткен форумының финалына шықты. Ал 2022 жылы жаратылыстану және ауыл шаруашылығы ғылымдар факультетінің студенттерімен бірлесе қолға алынған «Гидропоника негізіндегі автоматтандырылған жылыжай» жобасы SLL жобасы бойынша грант ұтып алды. Сондай-ақ, университет студенттерді «ENACTUS Kazakhstan National EXPO» және «GreenWay» студенттік эко клубы аясында қолдау жұмыстарын жүзеге асыруда. Айта кетейік, қала дастарын жұмыспен қамтып, бос уақыттарын пайдалы өткізуіне ықпал жасап, әлеуметтік жағынан тиімділігін көрсетіп отыр.

Осы аталғандармен қатар, студенттердің «Менің арманым» республикалық байқауына қатысуы, «Даму» және «Еуразия және Орталық Азия қорымен», Британдық кеңес пен «Шеврон» компаниясымен ынтымақтастық, «Elastus» студенттік командасын қолдау, кәсіпкерлік курсына бейімдеу үшін «АстанаХаб» технопаркімен бірлесе жұмыс атқару – бөлім қызметіндегі қол жеткен жетістіктер қатарында аталады.

Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті



Қазақстан Республикасы  
Атырау қаласы  
Студенттер даңғылы, 212

Редакция:

Қ.Қуатова – Редактор  
П.Тулин – дизайнер-бет құрушы  
А. Ғинаятұлы – фотограф  
«Университет» газетінің меншікті тілшілері:  
Ә.Кенжетай

Н.Жаңбырбай  
А.Өтемісқызы  
А.Сәлімгерейқызы  
Электрондық пошта – media@asu.edu.kz

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, #707 куәлік берілген 04.02.2002 жыл Газеттің жылына 10 нөмір шығады.

Газет «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #1988 Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А үй

Таралымы 1000 дана